

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:

Топ: Мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 5-9 желтоқсан 2022 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптар қарау. Табиғат бұрышындағы еңбек. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың сезінген әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б.				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b> Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету.Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету. Сөйлемдердің үш түрі болады. Хабарлы сөйлем,бір нәрсені хабарлап айтады,сөйлем соңында нүкте қойылады.Мысалы: Менің Отаным-Қазақстан.Қадыр Мырза Әли тақпағын жаттау.Нүкте.Нүкте деген білгенге,Жай ған бір ноқат па?! Жоқ онсыз сөйлем де,Жоқ өлең де,жоқ хат тта!Жазып жатқан кездерде. Асықпай ол күтеді, Асқан дана сөздер де,Сол нүктемен бітеді.Хабарлы сөйлемге мысал келтіру.Сөйлемнің екінші түрі-лепті сөйлем.Адамның түрлі көңіл-күйін-</p>	<p><b>1.Қоршаған орта таныстыру</b> Туған өлке әр адамның туып-өскен жері,атамекені екенін түсіндіру.Тірек сұрақтар қою арқылы туған ауылы туралы әңгімелеу.Сыңарынды тап ойыны.Балалар музыка ырғағымен әртүрлі бағытта жүреді.Балалардың қолдарындакішкентай суреттер болады. Музыка тоқтаған да әркім өзінің суреті бойынша сыңарын тауып,қол ұстасып, шеңбергеқұруы керек. Мысал суреттер:ұлттық ою-ұлттық киім, емен ағашы-емен жапырағы,домбыра-ән айтып тұрған бала.тау суреті-тас суреті,көл балық,бүркіт-аспан. Өлең оқу.Ө.Тұрманжанов.Көгінде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен.Неткен сұлу, неткен көркем.Осы</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> Балаларды дыбыстың сөздегі орнын аса маңызды екенін түсіндіру,дыбыстың сөздегі орнын таба білугеүйрету.Берілген буынға сөз құрап, сөздерді буынға бөле алу дағдыларынбекіту Жаппы атауын ата ойыны.1.Автобус, такси,трамвай...көлік тер.2.Қыс,көктем,жаз, күз-...жыл мезгілдері. 3.Кептер,қарға,сауысқан...құстар.4.Қызанақ қияр,қызылша-... көкөністер.Сұрақ-жауап әдісі арқылы қайталау.Сөз тізбек дидактикалық ойыны. Мысалы:бақа-алма-алмұрт-темір-рауғаш-шахмат-тал-лақ т.б. Дыбыстармен сызбамен жұмыс.Дұрыс тап дидактикалық ойыны. Л дыбысының орнын анықтау.Дыбыстың сөздегі орнын тап дидактикалық</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b> Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету.Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету.Сөйлемдердің үш түрі болады. Хабарлы сөйлем,бір нәрсені хабарлап айтады, сөйлем соңында нүкте қойылады.Мысалы:Менің Отаным-Қазақстан.Қадыр Мырза Әли тақпағын жаттау.Нүкте.Нүкте деген білгенге,Жай ған бір ноқат па?!Жоқ онсыз сөйлем де,Жоқ өлең де,жоқ хат тта!Жазып жатқан кездерде.Асықпай ол күтеді,Асқан дана сөздер де,Сол нүктемен бітеді. Хабарлы сөйлемге мысал келтіру.Сөйлемнің екінші түрі-лепті сөйлем.Адамның түрлі көңіл-күйін-қуану,ренжу,өкіну,таңдану т.б. білдіреді.Мысалы: Жасай бер,Қазақстан! Желбіре,желбіре,көк туым!Лепті сөйлем ерекше сезіммен айтылады.Мысал келтіру. Үшінші сөйлемнің түрін сұраулы сөйлем дейміз.</p>	<p><b>1.Сауат ашу негіздері</b> Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту, берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Жапы атауын ата дидактикалық ойыны. 1.Тәрелке,құмыра,кесе,шанышқы-...ыдыстар. 2.Басбармақ,балаң үйрек, ортан терек,шылдыр шүмек,кішкене бөбек-...саусақтар.3.Күрте,пальто, тон,плащ-...киім. 4.Құлақшын,қалпақ,малақай-...баскиім.Сұрақ-жауап әдісі арқылы қайталау. Буындармен жаттығулар. Буынды қос дидактикалық ойыны.доппен.Бір буыннан басталатын бірнеше сөз дидактикалық ойыны. Топпен жарыс. Те-геш,терек,те-мір,те-тік,т.б.Сөзді аяқта дидактикалық жаттығуы.Мысалы.Аққала, бала,банан,бантик,асқабақ, сәбіз,домбыра,балмұздақ. Дәптермен жұмыс.Суреттерді ата.Буынға бөл..Тиісті сызбамен қос.Қдыбысының орнын тап.Суретті штрихта. Үзік сызықтарды бастыр.</p>
----------------------------------	---	---	--	---	---

	<p>куану,ренжу,өкіну,тандану т.б. білдіреді. Мысалы:Жасай бер, Қазақстан!Желбіре, желбіре,көк туым! Лепті сөйлемерекше сезіммен айтылады. Мысал келтіру. Үшінші сөйлемнің түрін сұраулы сөйлем дейміз. Сұраулы сөйлемдер бір нәрсені сұрап білуді білдіреді. Соңынан сұрақ белгісі қойылады. Сен Астанағабардың ба?Рәміздерді білесің бе?Мысал келтіру.Шанамен зырлап желетін, Шаңғы,коньки тебетін,Аққалажасап ойнайтын,Қаймезгіл деп ойлайсың?Туған өлкем тақырыбында әңгіме құрау. Дидактикалықойын: Қажетті тыныс белгілерін қой.Ойын шарты:берілген суреттердің мағынасына</p>	<p>менің туған өлкем. Туған өлке туралы әңгімелеу. Туған өлке-өзіміз тұратын үй, көше,ауыл,табиғат, Отан,Қазақстан мемлекеті.Топтық жұмыс.Дидактикалық ойын:Менің туған өлкем.Ойынның шарты:балалар топқа бөлінеді.Әр топ көшбасшысы үстелде теріс қарап жатқан суреттерді таңдап алады.Дәптермен жұмыс.Туған ауылыңның көрікті жерлерінің суреттерін сал <b>2.Қазақ тілі</b> Мемлекеттік рәміздердің қазақша атын үйрету,сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білуді үйрету.Шаттық шеңбері.Арайлап таң атты.Алтын сәуле таратты.Жарқылдайды қаламыз.Жарқылдайды даламыз.</p>	<p>жаттығуы.Піл,апа,қап сөздеріндегі п дыбысын анықтау. Сызбаға белгілеу. Дәптермен жұмыс. Суреттерді ата.Сызбадан Т дыбысының орнын тап.Графикалық жұмыс.Үзік сызықтарды бастыр. Жалғастыр.Саусақ жаттығуы. <b>2.Математика негіздері</b> Ауыр-жеңіл сөздерін пайдалана отырып, салыстырудыүйрету, заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету. Ауыр-жеңіл дидактикалық ойыны. Сыныпта барзаттарды қолға қойып,салыстыру.Өлшеу бойынша жұптық жұмыс. Дәптермен жұмыс. Ойын жағдаяты. Жолдорбаныңпішіні түсі,салмағы туралы болжау.Эксперименттік іс-әрекет.Жолдорбаның массасын</p>	<p>Сұраулы сөйлемдер бір нәрсені сұрап білуді білдіреді.Соңынан сұрақ белгісі қойылады.Сен Астанаға бардың ба? Рәміздерді білесің бе? Мысал келтіру.Шанамен зырлап желетін, Шаңғы,коньки тебетін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Туған өлкем тақырыбында әңгіме құрау. Дидактикалықойын: Қажетті тыныс белгілерін қой.Ойын шарты:берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою. Дәптермен жұмыс. Тапсырмаларды орындау. Менің Отаным.Тақпақты жаттау.Әйнегі –күн, Шатыры-аспан,Кең далам асқақ,Төсі толған егін, Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республика менің!</p>	<p>Саусақ жаттығуы. <b>2.Математика негіздері</b> Бүтін және бөлік туралы ұғым қалыптастыру. Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. Сөздік жұмыс.Бүтін,бөлік, жарты,төрттен бір бөлік. Бүтін алманы,текшелер жиынтығын көрсету, бөліктер-жарты,төрттен бір бөлігін атайды.Ойын жағдаяты.Аспазшы.Апельсинді екіге,төртке бөлу. Бүтін,жарты,ширек.Практикалық жұмыс.Пиццаны бөлу.Дәптермен жұмыс. Суретпен жұмыс.1-2 тапсырмаларды орындау. Қай сан жоғалды? Дидактикалық ойыны. Шаршының бөліктері. Жиынтықтықтағы текшелерді ата.Ойын жаттығуы:Дұрыс ата.3-4тапсырмаларды орындау. Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс.</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою. Дәптермен жұмыс. Тапсырмаларды орындау. Менің Отаным. Тақпақты жаттау. Әйнегі –күн, Шатыры-аспан, Кең далам асқақ, Төсі толған егін, Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің !</p> <p><b>2.Математика негіздері</b>          Ауыр-жеңілсөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету, заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету. Ауыр-жеңіл дидактикалық ойыны. Сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстыру. Өлшеу бойынша жұптық жұмыс. Дәптермен жұмыс. Ойын жағдаяты. Жолдорбаның пішіні</p>	<p>Қайырлы күн! Күніміз сәтті болсын!          Қуыршақтар Сәуле мен Арман. Отан туралы әңгіме. Рәміздер: әнұран, ту, елтаңба. Елтаңба туралы түсіндіру. Дәптермен жұмыс. Мне кесте бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра. Тақпақ жаттау. Мемлекеттік елтаңба. Елтаңбамыз-ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай, Дөп-дөңгелек, өрнекті. Дидактикалық ойын: Жалғастыру ойынның шарты: ойынды бастаушы сөздің бірінші буынын айтады, басқа балалар жалғастырып, сөз құрайды.</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b>          Өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру.</p>	<p>бақылау. 1-т. орындау. Суретпен жұмыс. Жұптық жұмыс. Ауыр-жеңіл, бірдей дидактикалық ойыны. 2-3-4 тапсырмаларды орындау. Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс.</p> <p><b>3.Қазақ тілі</b>          Астана қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету. Сәуле мен Арман. Ғажайып сәт. Мемлекеттік рәміздерді еске түсіру. Астана қаласы сурет бойынша әңгіме. Ескерткіштер, Бәйте рек, көшелер. Жаңа сөздерді қайталап, жаттығады. Дыбыстық жаттығу. Айнамен орындалады. Ә-ә-ә-бәйтерек. І-і-і-іс, ін, іні, іш-кіш-ескерткіш. Ойын: Жалғастыру. Дәптермен жұмыс. Сурет бойынша әңгіме құра. Тақпақты жаттау. Астанамыз-жас қала, Жаста болса-бас қала.</p>	<p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b>          Туған өлке әр адамның туып-өскен жері, атамекені екенін түсіндіру. Тірек сұрақтар қою арқылы туған ауылы туралы әңгімелеу. Сыңарынды тап ойыны. Балалар музыка ырғағымен әртүрлі бағытта жүреді. Балалардың қолдарында кішкентай суреттер болады. Музыка тоқтағанда әркім өзінің суреті бойынша сыңарын тауып, қол ұстасып, шеңберге құруы керек. Мысал суреттер: ұлттық ою-ұлттық киім, емен ағашы-емен жапырағы, домбыра-ән айтып тұрған бала. тау суреті-тас суреті, көл-балық, бүркіт-аспан. Өлең оқу. Ө. Тұрманжанов. Көгінде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу, неткен көркем. Осы менің туған өлкем. Туған өлке туралы әңгімелеу. Туған өлке-өзіміз тұратын үй, көше,</p>	<p><b>3.Шығармашылық іс-әрекет</b>          Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Бірнеше бөліктерден заттар жасау жапсыру, құрастыру, суретін салу, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Ойын жағдаяты. Сәнді киімдер үйі. Қуыршақты киіндіру. Ойын Сүйікті ойыншығыңды сипатта. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Балалар шығармашылығы. Көрме.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b>          3 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруға үйрету. Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін жетілдіру. Керуен және керуен аялдамалары туралы әңгіме. Қимыл қозғалыс ойыны: Асық алу. Терек қырғыз халқының ойыны. Жүргізуші сайлайды. Ол-терек. Жүргізуші шеңбер ортасында тұрады. Ойыншылар шеңбер бойында тұрып, түрлі қимыл қозғалыстар</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>түсі,салмағы туралы болжау.Эксперименттік іс-әрекет. Жолдорбаның массасын бақылау. 1-т.орындау.Суретпен жұмыс.Жұптық жұмыс.Ауыр-жеңіл, бірдейдидактикалық ойыны.2-3-4 тапсырмаларды орындау.Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс.</p> <p><b>3.Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту.Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру</p> <p>Іс-әрекетті айт ойыны.</p> <p>1.Әкем киімін киді, інім... шешті.2.Анам отырды,әкем...тұрды. 3.Анар отырды,Ажар...тұрды.Асан кірді, Қасан...шықты.Жарай сыңдар,балалар. Сұрақ-жауап әдісі арқылы қайталау. Дыбыс,дауысты,</p>	<p>Суретпен жұмыс.Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? Қар қандай?Қыстағы ойындар?</p> <p>А.Асылбековтің Қыс өлеңімен танысу. Сөздік жұмыс.Өлең мазмұны сұрақтар. Неліктен қысты жақсы көресің?Мнемокесте арқылы өлеңді жаттау.Дәптермен жұмыс.Сурет бойынша қыс туралы әңгіме құра.Кім қайда ойнайды?Сызып көрсет.Жұмбақты шеш.Ақ көрпесін тұйықтап,Қыстай жатыр ұйықтап Қар. Қайсысы артық ойыны.Ойын шарты: Тақтаға әр мезгілдің киімдері ілінеді. Осылардың ішінен артық киімді табады. артық киімді табады.</p> <p><b>4.Музыка</b></p> <p>Шығармалардың эмоциялық мазмұнын дәл беру,әннің кіріс песін,басын,қайырма</p>	<p>Күндеп өсіп келеді, Гүлдеп өсе береді.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b></p> <p>Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыскелуге,шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету. Денсаулықты сүйеміз, Шынығамыз күнде біз.Бір-екі-үш! Бұлшықетте,міне,күш Имек ағашпен жаттығулар орындау. Жолмен ұзақ кім сырғиды?Түсіріп алма!Зрет.Мерген имек ағаш.Зрет. Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып,заттардың арасымен жүгіру.5рет. Көз ауруларының алдын алу,көз бұлшық еттерін белсендіріп, жақсартужаттығулары</p>	<p>ауыл,табиғат,Отан,Қазақстан мемлекеті.Топтық жұмыс.Дидактикалық ойын:Менің туған өлкем. Ойынның шарты:балалар топқа бөлінеді.Әр топ көшбасшысы үстелде теріс қарап жатқан суреттерді таңдап алады.Дәптермен жұмыс. Туған ауылыңның көрікті жерлерінің суреттерін сал</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b></p> <p>Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Шаттық шеңбері.Отан деген-атамекен,Отан деген-туған жер.Отан-ана,Отан-үлкен Туған ел!Сөздік жұмыс.Сұрақ-жауап әдісі.Біз қай республикада тұрамыз? Қ.Р. астанасы қай қала? О.А.Тәуелсіз Қазақстан өлеңімен танысу.Өлең мазмұны бойынша сұрақтар.Дәптермен жұмыс.Қ.Р. мемлекеттік рәміздерін ата?Нұр-Сұлтан қаласы туралы сурет бойынша әңгімеле. Сурет бойынша саяхат.</p>	<p>жасайды.Терек! дегенде, жылдам орындарын ауыстырады.Жүргізуші бос орынның біреуіне жылдам тұруға тырысады.Бірғып секіру. Татар халқының ойыны.Өртүрлі бағытта бір аяқпен секіру.Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Жүргізуші ырғып секір! дегенде,ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп,орындарын ауыстырады. Тастар оыс халқының ойыны.Өкшемен отырып бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды лақтыру,жоғары лақтыру. Өкшемен отырып,ұсақ заттарды жоғары лақтырып, оны алақандарымен қағып алады.Қимылы аз ойын: Үндемес ойыны.Ойын шарты:Көршісің сөйлету немесе күлдіру.</p>
--	--	--	--	---	---

	<p>дауыссыз.Қандай текшелермен белгілейміз?Сөздерді буынға бөл дидактикалық жаттығуы. Мысалы:Са-ғат,жастық,сө-ре,қа-лам,көрпе,көй-лек,ал-тын,тауық,үс-тел,тыш-қан. Сөз ойла дидактикалық жаттығуы.-Табуынынан басталатын сөздер:тарак,тамыз, тал,табыс,тапқыр, таға.-Ба буынынан басталатын сөздер: балық,батпақбақа,бан ка,байлық,батыр. -Са буынынан басталатын сөздер: сағыз,сабын,Самал, сарай,сатушы.Дәптер мен жұмыс.Суретте бейнеленген заттарды ата.Буынға бөл. Сәйкес сызбамен сәйкестендір..Суретте н л дыбысы бар сөздерді ата.Буынға бөл.Графикалық жұмыс.Боя.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.Саусақ жаттығуы.</p> <p><b>4.Дене шынықтыру</b> 2,5 м арақашықтық</p>	<p>сын ажырату,әсерлі реңктерін ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Айна орыс халқының әуені. Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. А.Сәрсеков Туған елдің ұлымын өлеңін оқу.Қуат алған өзіңнен,Туған елдің ұлымын.Бақытты етіп өсірген,Отанымның гүлімін.Музыка тыңдау.Алатау.Дауыс жаттығуы.Ән айту. Қазақтың жері.Билер: Еркебұланбиі.ойындар,хороводтар: Шаңырақ ойыны. Балалар шеңбер бойымен музыка әуеніне ілесе қимылдар жасап жүреді.Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып,киіз үйдің шаңырағын жасайды.</p>		<p>Мақалды жаттау. <b>4.Музыка</b> Шығармалардың эмоциялық мазмұнын дәл беру,әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажырату,әсерлі реңктерін ажырату.Музыкалық-ырғақтық қимылдар:Айна орыс халқының әуені. Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. А.Сәрсеков Туған елдің ұлымын өлеңін оқу.Қуат алған өзіңнен,Туған елдің ұлымын.Бақытты етіп өсірген,Отанымның гүлімін.Музыка тыңдау. Алатау.Дауыс жаттығуы. Ән айту.Қазақтың жері. Билер:Еркебұлан биі. Ойындар,хороводтар: Шаңырақ ойыны. Балалар шеңбер бойымен музыка әуеніне ілесе қимылдар жасап жүреді. Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып,киіз үйдің шаңырағын жасайды.Музыкалық</p>	
--	---	--	--	---	--

	<p>тағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруды; гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүруді; малдас құрыпотырып, ұсақ заттарды лақтырып, оны қайтадан қағып алуды үйрету. Ойын жаттығуы: Затты тап. Қимыл-қозғалыс ойыны: Асық алу. ЖДЖ орындау. Негізгі қимыл қозғалыстарды ойын түрінде орындау: Қазан, Тепе-теңдік. Қимыл-қозғалыс ойыны: Үшінші артық. Релаксация Дала әуендері.</p>	<p>Музыкалық аспапта ойнау. Илигай халық әні.</p>		<p>аспапта ойнау. Илигай халық әні.</p>	
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Балалармен жеке жұмыс. Жеке картаға сәйкес: әңгімелесу, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылықтарын арттыру. Балаларды реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу. Серуен картотекасы №1, №2, №3, №4, №5 Ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау, әңгімелесу, көркем сөз, спорттық, қимылды және ұлттық ойындар, еңбек әрекеті.</p>				

Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.
------------------------	---